



# **ОНОМАСТИКАЛЫҚ ХАБАРШЫ**

**№ 1 (25)**

---

**2014**



**Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы  
Республикалық ономастика комиссиясының бюллетені**

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет министрлігі  
Тіл комитеті

**Редакциялық алқаның**

**төрағасы**

А.Мұхамедиұлы

**Редакциялық алқаның**

**мүшелері:**

Ж. Омаров

М. Сқақов

Ж. Ерғалиев

А. Тұртаев

Х.Әбжанов

Н. Уәли

А. Жартыбаев

С. Иманбердиева

Д. Қыдырәлі

С.Әбдрахманов

С. Жұманғарин

Е. Тілешов

М. Серікбайұлы

Н. Жүсіп

С. Жанболат

С. Негимов

**Бас редакторы**

**Қ. Рысберген**

**Жауапты редактор**

**Б. Қапалбек**



**Сәуле ИМАНБЕРДИЕВА,**  
*Халықаралық бизнес академиясы,  
ф.э.д., профессор*

## **ТОПОНИМДЕР ҰРПАҚҚА АМАНАТ**

Халықтың тарихы, жерді игеруі мен ғасырлар бойы көрші тұрып келе жатқан басқа халықтармен өзара қатынасы тіл иелерінің аялық білімі мен мәдениетінде көрініс тапқан ажырамас бөлігі ретіндегі ономастика лингвистикалық ғылымының бір тармағы екені барлығымызға аян. Кез келген онимдік жүйе қоғамның тарихи дамуының нақты кезеңін көрсететін атаулардан тұрады. Жалқы есімдер – этностың қоғамдық тарихы көрініс тапқан, таңбалау жүйесінің ерекшеліктері мен тіл заңдылықтарының дамуы бейнеленген өзіндік ескерткіштер.

Атаудың барлық жүйесі – бұл қатып қалған әлем бейнесі емес, өз бастауы бар, ұзақ ғасырлар бойы адам өмір сүріп жатқанға дейін жалғасын табатын, тоқтаусыз үдеріс. Атаудың қалыптасуы – адамзат тарихындағы маңызды қадам, себебі атаулар өмір бойы әр адамның қоғаммен тығыз байланысты жеке тұлға болу құқығын бекітті. Атау нағыз өркениеттің алғашқы нышаны деп айтуға болады, атау тарихы, атау беру дәстүрі аталушының тарихынан айна іспетті көрініс береді.

Географиялық атаулардың халықтардың тұрғылықты мекенінен және этникалық топтардың өзара қатынасынан көрініс беретіні әркімге де белгілі. Географиялық атаулар, әсіресе ең көнелері өзіндік бір тарихи ескерткіш болып табылады. Олардың көбі көне құжаттардан көненің әлеуметтік қатынасынан және ежелгі адамдардың тұрмыстық ерекшеліктерінен көрініс беретін алғашқы тұрпатында, тіптен олар өз тұрпатын өзгертіп, қазіргі тілдің қолданысындағы сөздеріне ұқсас болып жатса да, анықталуы мүмкін [1].

Топонимдер әр тілдің лексикалық қабатының салмақты бөлігін құрайтыны белгілі, бұл алдымен, кеңістікте бағыт алу мақсатында қалыптасқан адам санасындағы географиялық болмыс көрінісінің алғашқы тұрпаты.



Топонимдердің тағы бір маңызды ерекшелігі – бұл көптеген мәдениетте географиялық нысан, бұл тіл, мәдениет, тарихи география, дәстүр, этностың өзін-өзі тану ескерткіші, тарихи қатынастың құрылымдық элементтерінің бірі [2].

Атаулардың шығу тегі, ерекшелігі, олардың қазіргі тіл иелеріне түсініксіздігі топонимиялық түсіндірмелерді қажет етеді. Топонимдердің қалыптасу қабағтары әртүрлі болғандықтан, олардың мағынасын анықтауда қиындықтар туғызады.

Қоғам тұрмысының өзгеруі, тұрғылықты халықтың өзгеруі, тілдің дамуы және басқа да себептер атаулардың қолданысына қарай белгілі бір дәрежеде өзгеруіне әкеледі. Мәселен, *Қызылжар – Петропавл; Семипалатинск – Семей; Устькаменогорск – Өскемен*; т.б.

Бұл өзгерістердің нәтижесінде атаулардың мағынасын күңгірттенуі толығымен алғашқы мағынасын жоғалтуы немесе ең сорақылығы – толығымен жойылып кетуі мүмкін. Атаулардың бастапқы формасын қалпына келтіру арқылы аталған олқылықтарды түзетуге болады. Әрине, бұл әртүрлі тарихи деректемелерге сүйенуімізді қажет етеді. Олардың ішінде ең құндылары: жазба ескерткіштері, картографиялық және мәтіндік материалдар, әртүрлі жылдарда жасалған топографиялық карталар т.б.

Қазақстан жеріндегі жалпытүркілік ғаламның топонимикалық моделі – тілдік және картогرافикалық бағытта зерделеніп, анықталуы аса қажет дүние. Көне түркі кезеңінен бастап, орта ғасыр, қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, салыстырмалы екітілді (қазақ және ағылшын) картаға түсіріліп, сөздіктер дайындалып, жер бедері, идеология өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеніп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін қарастыратын уақыт әлдеқашан туған. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады. Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса географиялық атаулар – егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады.



Қазіргі кезде БҰҰ географиялық атауларды реттейтін сарапшылар тобының талабы бойынша топонимдерді латын қарпін қолданбайтын елдер үшін біртектес әліпбиді қолдануды ұсынғанын және біз биыл тек байқаушы ретінде қатысып, мемлекетіміз тарапынан берілген өтінішке сәйкес болашақта толық мүшесі ретінде екі тілде топонимдерді реттеуге міндетті ел ретінде Қазақстан жеріндегі топонимдердің түркілік қабаты қазіргі топонимдермен алғаш рет салыстырыла зерттеліп, олардың ауысуы, өзгеруі және толығыуы екітілдік (қазақ-ағылшын) карталарда алғаш рет берілуі, сол арқылы қазақ топонимикасының әлемдік өркениеттермен теңдесе алатындығын, екіншіден, қазақ топонимдерінің ғалам бейнесі жалпытүркілік аяда қарастырылуын зерттеу бізге көптеген мүмкіндіктер ашады. Сонымен бірге қазақ жерінде қалыптасқан көнетүркілік қабат, одан бергі орта ғасыр топонимдері және қазіргі топонимдерді өзара байланыста қарастыру негізінде түркі тілдерінің тарихын, танымын, сол арқылы әрқайсысының ұлттық топонимикалық ғалам бейнесін айқындауға мүмкіндік беретін дереккөзі ретінде танылып, түркі халықтарының әр атауда тарих, жер бедері, табиғи ерекшеліктерді ескеріп отырғанын байқататын ортақтастықты айқындауға мүмкіндік беретін материал ретінде қарастыруға жол ашады. Халықтың рухани байлығы мен даналығының орасан қоймасы бола келіп, топонимдер мәдениет пен халықтың ауызша шығармашылығының ескерткіштері ретінде әрі қарай жинауды, сақтауды және ұқыпсыз пайдаланудан қорғауды қажет етеді.

Осы мақсатта біз бірнеше шараларды іске асыруымыз керек:

- топонимдерді жинастырып, зерттеп, зерделеп, динамикасын анықтауымыз керек;
- БҰҰ географиялық атауларды реттейтін сарапшылар тобының талабына сай болу үшін қазақ және ағылшын тілдерінде дұрыс тізбесін жасап, картаға түсіру қажет;
- көне түркілік кезеңнен бастап осы уақытқа дейінгі атаулардың өзгеру, ауысу динамикасын анықтап, кестеге түсіру қажет;
- атаулардағы географиялық терминдердің сөздігін түзіп, мән-мағынасын айқындап беру керек.

Көне түркілік кезеңнен бастап осы уақытқа дейінгі атаулардың өзгеру, ауысу динамикасын анықтап, кестеге түсіру дегенде біз мынадай кесте түрінде ұсынғанды жөн көрдік.



## Қазақ жеріндегі топонимдердің өзгеру динамикасы

№	Көне түркі тіліндегі атауы	X-XVI ғасырлардағы атауы	Қазақ тіліндегі атауы		
			Кеңес өкіметіне дейінгі	Кеңес өкіметі кезіндегі	Қазіргі
1		Алмату	Алмалық	Алма-Ата	Алматы
2	Шавғар/Иасы	Иасы	Түркістан	Түркістан	Түркістан
3	Арғу Талас, Алтын Арғу, Талас ұлыс	Тараз	Әулиеата	Мирзоян / Жамбыл	Тараз
4		Хонхоты / Заасинг	Зайсан	Зайсан	Зайсан
5		Доржи монастри/ Тасты мешіт	Семипалатинск	Семипалатинск	Семей

Қазақ жерінде көне түркі кезеңінен бастап осы уақытқа дейінгі топонимдерді қарастыратын болсақ, олардың дені жер бедері, флорасы мен фаунасынан көптеген ақпарат береді, сондықтан да олар сақталып келген, алайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде олар бұрмаланып, кеңестік идеологияға сай келетін атаулар пайда болып, керісінше, жер бедері, флорасы мен фаунасынан ақпарат беретін атаулар азая бастады. Бұл саяси идеологияның бір көрінісі, себебі тарих қойнауынан келе жатқан мәдениет, таным-тәрбие, тарихтың өзін жоюдың бір көзі ретінде қолданылғаны анық. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдармен дәйектеп берейік: Мәселен, профессор Т.Жанұзақтың пікірі бойынша: «VIII ғ. Тараз *Арғу Талас, Алтын Арғу, Талас ұлыс* атауларымен мәлім. Тараз топониміндегі бірінші компоненттің иран, түркі тілдеріндегі дар/тар «сай, шатқал» сөздеріне түбірлес әрі мәндес болуы мүмкін. Екінші компонентіндегі аз/ас сөзі «су, өзен», яғни Тараз «тау өзені» деген мәнде қойылған атау» [2].

Ғ.Қонқашпаевтың зерттеуі бойынша, қазақ жерінде сонау тарих қойнауынан сыр шертетін түркі-моңғол қатынасынан ақпарат беретін атаулар көптеп кездеседі. Мысалы, Зайсан моңғолдың *заасинг* (жақсы) деген сөзінен шыққан. Жұт жылы қалмақтар қырылып жатқанда, осы көлдің балығын жеп аман қалыпты, содан «жақсы көл» атап кеткен. Зайсан көлінің бұрынғы атауы Хонхоты да (Қоңыраулы) моңғол сөзі. Сонымен бірге Нұра атауы да моңғол тілінен енген. Мағынасы: жон, арқа, дөң, жота. Нұра елді мекені биік жота, қолаттың астындағы еңістеу жерге орналасқан. Қазіргі Алматы



облысында Шұңжа деген топоним ойрат тілінде қамал дегенді білдіреді. Ал Тасты мешіт аталған Доржи монастырі орнына қала тұрғызылады. Ол қаланы сол тасты мешіттен қалған жеті ғимарат (палата) негізінде 1718 ж. Семипалатинск қаласы тұрғызылды, қазір ол Семей деп аталады [3].

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі қалыптасқан, бұрмаланған атаулардың уақыт өте келе өміршендігін жоғалтуы заңды нәрсе, себебі бұл топонимдер қажетті ақпаратты бермейді, яғни өз қызметін толыққанды атқара алмауында. Ал түркі, моңғол тілдерінен қалыптасқан топонимдер жер бедері, тарихтан басқа да қажетті ақпаратты бере алатындығымен бірнеше ғасырлар бойы жоғалмай келеді. Сондықтан атауды қалыптастыруда бірнеше қағидатты ұстану керек:

- Қандай да болмасын идеология атауларда көрініс таппағаны жөн. Мысалы: Партсъезд атындағы, Коммунизм т.б.

- Жер бедері, флорасы мен фаунасынан мәлімет немесе шаруашылыққа қажетті ақпарат толық берілгені жөн. Мысалы: Ойыл – ой «ойпаң, ойпат», ыл «ылғал, су», яғни «ой, ойпаң жердегі өзен», Отар, Миялы, Тарбағатай т.б.

- Атауларда тұрғылықты халықтың ұлттық мәдениеті, таным-тәрбиесінен мәлімет көрініс тапқаны жөн. Мысалы: Орда, Бозашы т.б.

- Тұрғылықты халықтың тарихы, әлемнің тілдік бейнесі туралы берілгені жөн. Мысалы: Келіншектау, Жаманқара «кішігірім төбешікті» т.б.

- Түркі немесе моңғол негізді болуы шарт.

Қазіргі кезде атауларды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Алайда осы уақытқа дейін Ленин, Луговой т.б. атаулары кездеседі.

Ғасырлар бойы сақталып келген атауларды қай саланың маманы болмасын ұрпаққа аманат ретінде жеткізуге міндетті.

## ӘДЕБИЕТ

1 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – С. 276-284.

2 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 524 б.

3 Конкашпаев Г.К. Некоторые сведения о пребывании ойратов на территории Казахстана//Калмыцкий научно-исследовательский институт истории, филологии и экономики при Совете министров Калмыцкой АССР. Проблемы этногенеза калмыков. - сб. Элиста: Республиканская типография Государственного комитета Калмыцкой АССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 1984.



## МАЗМҰНЫ

### ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНАНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНОМАСТИКА КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ .....	3
---	---

Жетісу жерінде ономастика мәселелеріне байланысты «Ономастика және тарихи дәстүрлі атаулар» атты республикалық дөңгелек үстел өтті .....	5
--	---

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРКТИКА

<b>Қыздархан РЫСБЕРГЕН</b> ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАР СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ ЭКСТРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ФАКТОР .....	13
---	----

<b>Гүлдархан СМАҒҰЛОВА</b> АНТРОПОНИМДЕР МЕН ТОПОНИМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ .....	19
---	----

<b>Сәуле ИМАНБЕРДИЕВА</b> ТОПОНИМДЕР ҰРПАҚҚА АМАНАТ .....	25
--	----

<b>Қуат САПАРОВ., Ирина БЕКЗАТҚЫЗЫ</b> ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ МЕН ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....	30
---	----

<b>Ыспандияр АҚАЙҰЛЫ</b> ЕЛДІМЕКЕН АТАУЛАРЫНЫҢ ҚАТЕ ҚОЛДАНЫСТАРЫ ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ .....	40
--	----

<b>Бердібек БИЯРОВ</b> КЕЙБІР МАКРОТОПОНИМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛАРЫ .....	48
--	----





**Сабит ЖАМБЕК**

ОНОМАСТИКА – СОХРАНЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ  
САМОБЫТНОСТИ, ВЗАИМОСВЯЗЬ С ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ  
КУЛЬТУРОЙ И ЕЕ ЦЕННОСТЯМИ..... 58

**Жұлдызай ЕРБАТЫРОВА**

«ҚАМ МЕН ТЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ «СӨЙЛЕЙТІН»  
КІСІ ЕСІМДЕРІ..... 77

**Өңірдегі ономастика**

**Бекжан ӘБДУӘЛИҰЛЫ**

АСТАНА ОНОМАСТИКАСЫ ДАМУЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ..... 83

**Жанна ИСМАИЛОВА**

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ОРДАБАСЫ АУДАНЫ  
ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАСЫ..... 92

**Өмірзақ АМАНТАЕВ**

ЕЛДІ МЕКЕН АТАУЫ – ЕЛГЕ СЫН..... 99

**Жанболат ҮМБЕТОВ**

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ  
ЖҰМЫСТЫҢ АХУАЛЫ..... 104

**Қабжан ЕДІЛБАЙ**

ОНОМАСТИКА – ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЕҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ..... 110

**МАМАНМЕН СҰХБАТ**

Көшедегі қателіктерге толы жарнамалар тіркелмеген жарнама  
агенттіктерінің себептерінен туындап отыр..... 113

**2013 жылы жарық көрген сөздіктер..... 123**